

DOI 10.52260/2304-7216.2023.1(50).16
 ЭОЖ 005 (075.8)
 FTAMP 72.13.39

А.А. Дуйсембаев*, э.ғ.к., профессор¹
 А.А. Шаметова, э.ғ.к., доцент²
 Академик Е.А. Бөкетов атындағы
 Қарағанды университеті,
 Қарағанды қ., Қазақстан¹
 Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
 техникалық университеті,
 Қарағанды қ., Қазақстан²
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: azeke-78@mail.ru

БИЗНЕС-ИНЖИНИРИНГ – КӘСІПкерлік Қызметті Дамытудың Құралы Ретінде

Зерттеу мақсаты: Қазіргі ғаламдық және өңірлік өзгерістерге сай шаруашылықтық қызметті жүргізудің трендік бағыттарын қамтамасыз ету маңыздылығы күн сайын артуда. Қазақстанның сыртқы геосаясатындағы тұрақсыздықтар мен ішкі экономикалық күрделіліктер кәсіпкерлік құрылымдарының жаңа талаптарға сай икемділікпен қызмет ете отырып, бәсекеге қабілеттіліктерін жоғалтпай әрі қарай жандануына себеп болатын бизнес-инжиниринг үдерістерін қолданудың тетіктері мен ерекшеліктерін айқындай отырып, жұмыс атқаруларын талап етеді. Пайдаланылған зерттеу әдістері: осы зерттеу жұмыста синтездік талдау, абстрактіден нақтыға айналдыру әдістері мен жалпы жүйелік талдау, статистикалық бен салыстырмалы-болжамдық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері: қазіргі құбылмалы экономикалық-әлеуметтік өзгерістер жағдайында бизнесті бірқалыптылықпен жүргізу және оны жандандыру үшін инжинирингтік үдерістің қолайлы тәсілдерін қолдана білумен байланысты тұжырымдамаларды көрсету. Сонымен қатар, бизнес үрдістер инжинирингісін жүргізудің қағидалық негіздерін топтастыру және де кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудағы бизнес-инжинирингтің нақты міндеттері мен кезеңдерін, модельдік үлгілерін талдау. Зерттеу қорытындылары: бизнес-инжинирингтің технологиялары мен ұйымдастырушылық-құрылымдық модельдері және басқа да ұтымды тетіктерін қолдану арқылы отандық кәсіпкерліктің қазіргі дағдарыстық жағдайларды жеңіл өткеріп, әрі қарай жандануын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағыттарды айқындау.

Кілт сөздер: бизнес, инжиниринг, реинжиниринг, бизнес-инжиниринг, инжиниринг үдерістері, кәсіпкерлік қызмет, бизнес үдерістері, инжиниринг модельдері, инжиниринг технологиялары, бизнес-инжиниринг кезеңдері, бизнес-инжиниринг қағидалары.

Ключевые слова: бизнес, инжиниринг, реинжиниринг, бизнес-инжиниринг, инжиниринговые процессы, предпринимательская деятельность, бизнес процессы, модели инжиниринга, технологии инжиниринга, этапы бизнес-инжиниринга, принципы бизнес-инжиниринга.

Keywords: business, engineering, reengineering, business engineering, engineering processes, entrepreneurship activity, business processes, engineering models, engineering technologies, stages of business engineering, principles of business engineering.

Кіріспе. Бизнес-инжиниринг басқарудың басқа да көптеген әдістері сияқты батыстан өріс алған. Ол жақтарда өткен ғасырдың 80-ші жылдарында қандай да болмасын кәсіпорындардың қызметіне түбегейлі «төңкеріс» жасайтын жаңа бір тәсіл бой көтеріп, кез келген бизнестің түбірімен өзгерте алатын «реинжиниринг» атауында танымал бола бастады. Оның негізін қалаушылар М. Хаммер мен Дж. Чампи реинжинирингті компания қызметін түбегейлі жақсартуға ықпал ететін «құн, қызмет көрсету, сапа, қарқындылық» сияқты өзекті көрсеткіштерін жақсарту үшін бизнес-үдерісті қайта жобалау мен іргелі түрде қайта қарастырумен байланыстырған [1].

Реинжинирингтің түпкі негізі бизнес-үдерістер бола отырып, оларды жетілдіру арқылы қандай да болмасын кәсіпкерлік субъектілерінің тиімді қызмет етуін арттыруға үлкен арсеналды қалыптастыруға себеп болады. Бизнес-инжинирингті жүргізу арқылы кәсіпорынның қалыптасып қалған ескі жүйесін «сындыра» отырып, жаңа талаптарға сай революциялық өзгерістерді кәсіпкерлік қызметке ендіруге мүмкіндік аламыз [2]. Аталған өзгерістердің кейінгі бизнесті жүргізу үдерістерінде маңыздылықтары арта отырып, жалпы кәсіпорынды басқарудың технологиясы дәрежесіне дейін шарықтап, бизнесті қайта ұйымдастырудағы реинжинирингтен «бизнес-инжиниринг» ұғымына ауысты. Әрине бұл жаңа ұғым бизнес-үдерістерін басқару мен қайта жобалау арқылы инженерлік ғылым ретінде бизнесті құрудың жаңа жүйесін қалыптастыруға себеп болды. Бизнес-инжинирингтің

шешуші тұғырында үдерістік тәсілдеме тұрып, оның басқару объектісі ретінде кәсіпорындағы қызметтер мен үрдістер қарастырылуда. Зерттеудің мақсаты – қазіргі заманғы экономикалық өзгерістер мен тенденцияларға сай бизнесті жүргізуде және оны жаңа қарқынмен дамытуда инжинирингтік үдерістердің өзектілігіне баға беру арқылы оның алдыңғы қатарлы технологияларын, әдіс-тәсілдерін қолдануды айқындау. Соңғы екі-үш жыл көлеміндегі әлемдік, өңірлік және ұлттық деңгейдегі саяси, экономикалық-әлеуметтік келеңсіздіктер салдарымен күресіп жатқан кәсіпкерлік орта үшін тың талаптарға сай болатын бизнес-инжинирингтің модельдері мен құралдарын тиімді пайдалану арқылы бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру өзекті болып саналады.

Материалдар және әдістер. Зерттеудің әдістемелік негізін абстрактілік шолулардан нақтыға айналдыру және де синтездік пен жүйелік талдауға негізделген ғылыми әдіснамалар құрады. Осымен бірге, статистикалық және салыстырмалы талдау әдістері де қолданыс тапты.

Әдебиеттік шолу. Бизнесітегі инжинирингтік үрдістерге қатысты тұжырымдамалар мен ерекшеліктері, мәселелері басым бөлігінде жақын және алыс шет елдік ғалымдардың еңбектерінде зерттелінген. Нақты айтсақ, Б.А. Железко [3], А.О. Блинов, О.С. Рудакова, В.Я. Захаров [4], Ю.Ф. Тельнов [5] зерттеулерінде бизнес-инжиниринг жан-жақты қарастырылған. Бұлармен бірге, жалпы халықаралық деңгейде инжиниринг пен реинжиниринг үдерістеріне қатысты М. Хаммер мен Дж. Чампидің «Reengineering the Corporation: A Manifesto for Business Revolution» атты еңбектерінде терең зерттеулер орын алып, жан-жақтылықпен қарастырылған [6].

Отандық нарықта инжинирингтік қызмет көрсетуші компаниялардың болғанына қарамастан, жалпы Қазақстандық бизнестегі олардың нақты ролі мен маңыздылығын білдіретін кеңінен танымал еңбек зерттеулері жоқтың қасы болып табылады. Кейбір ЖОО-да бизнес инжиниринг курстары оқытылғанына қарамастан, нақты практикалық түрде қолданыс беретіндей зерттеулер мардымсыз. Сондықтан да, барлық еңбектер көздерінен бизнес-инжинирингке қатысты зерттеулерді жүйелендіре отырып, отандық кәсіпкерлік салада оны қолдану мүмкіндіктерін тың көзқараспен қарастыру маңыздылықты атқаруда.

Елімізде АҚ «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы [7] бастаған басқа да инжинирингтік қызмет көрсетуші шаруашылықтық субъектілердің бар болғанына қарамастан жалпы осы қызметтің көрсетілуінің ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастыратын зерттеулерді жетілдіру қазіргі кездің талабы. Осы себептен, Қазақстанның кәсіпкерлік жүйесіне тың серпін беру мақсатында бизнес үдерістердің инжинирингісі мен реинжинирингісін іске асырып, оның модельдері мен технологияларын қолдану, т.б. маңыздылықтарды енгізетін зерделеулерді қарқындылықпен жүргізген орынды.

Негізгі бөлім. Қазіргі қоғамдық өзгерістермен байланысты бизнес-үдерістер де тұрақты түрде жаңаруда, бірақта оларға өзгерісті қамтамасыз ете алатын инжиниринг қажет. Осы аталғанға сәйкес бизнес-инжиниринг жалпы жүргізілетін бизнес-үдерісті жаңарта отырып, компанияларға қоршаған ортаның кез келген тенденциясына төтеп беруге қолқабыс етеді және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік жасайды [8].

Қазіргі уақытта бизнес-инжинирингті екі құрамдас бөліктерімен қарастыруға болады (сурет 1).



1-сурет. **Бизнес-инжинирингтің құрамдас бөліктері***

** [8] ақпарат көзіне негізделі отырып құрастырылған*

Осы кезеңдегі бірінші бөлікке қатысты кәсіпкерлік субъектілері өнеркәсіптік саладағы машиналар мен құрылғыларды жасақтайтын өнеркәсіптік инженер тұрғысындағы бейнедегідей оларды қайта жобалауға және құрастыруға болатындай күрделі объекті ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда бизнес инженер де жалпы бизнес жүйені қайта жобалау - қайта құрастырумен байланысты кешендік қызметтерді енгізетін кәсіпорынның «корпоративтік архитектурасын» қайта сызады және құрастырады. Бұл архитектураның сызылуы бизнес жүйенің айқындылықпен әрі тиімділікпен қызмет жасауына себеп болатын негіздерді қалыптастырады .

Екінші бөлігі - IT-ақпараттық технологиялар мен құралдырады қолдану. Бұл бағыттағы инжинирингтің негізгі мәні – ақпараттық технологиялар арқылы қолдау табатын бизнес-үдерісті цифрландыру немесе автоматтандыру көрінісімен сипатталады. Қазіргі халық шаруашылығының барлығына дерлік салаларда цифрландыру мен автоматтандыру үдерісі енгізіліп жатқан жағдайда бизнес саласында инжинирингтің осы бағытын белсенді қолдану қазіргі заманның талабы болып табылады.

Бизнес-инжинирингтің отандық кәсіпкерлік салада қолданылуының негізгі мақсаттарын келесідей топтастыруға болады (кесте 1).

1-кесте

Бизнес-инжинирингтің отандық кәсіпкерлік салада қолданылуының негізгі мақсаттары*

№	Инжинирингтің мақсаттары
1	бизнес-үдерісті айқын әрі қатаң ұйымдастыру арқылы оны басқарудағы ашықтық пен басқарымдылықты арттыру
2	бизнес шешімдерінің неғұрлым тиімділігін арттыруға қол жеткізу
3	қоршаған орта өзгерістеріне компаниялардың жылдам әрі дәлдікпен бейімделу мүмкіндіктері есебінен бәсекелік басымдылықты қалыптастыру
4	бизнес-үдерісті оңтайландыру мен жетілдіру
2	өнімділікті арттыру және шығындарды жеңілдету
6	бизнестегі негізгі табыстылық көрсеткіштерін арттыру
7	компанияның қаржылық жағдайын жақсарту
8	нарықтағы қалыптасқан күрделі жағдайларда «тіршілік етуді» сақтап қалу

* Автормен құрастырылған

Жоғарыдағы топтастырылған мақсаттарға байланысты бизнес-инженердің келесідей атқаруы қажет міндеттерін көрсетейік:

- отандық кәсіпкерлік орта факторларына сәйкес бизнес-үрдістің қазіргі жағдайына сипаттама беру және талдау;
- олықылықтарды анықтай отырып, бизнестік қызметтің жаңа үрдістерін жобалау;
- компанияның ұйымдастырушылық құрылымдарын жақсарту;
- компанияда басқарудың жаңа жүйесін әзірлеу мен оны енгізу;
- бизнес үдерісті автоматтандыру және цифрландыру;
- бизнес үдерісті жаңғыртуға жұмылдырылып отырған қызметкерлерге түсінікті нұсқаулықтар даярлау.

Инжинирингті енгізу арқылы клиент үшін өнімдер мен қызметтерді қалыптастыратын компанияның барлық қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің бірізділігі мен жалғасымдылығын қамтамасыз ететін бизнес-үдеріс болуы қажет. Бірақта, сол компанияның қызметін не өнімін қолданатын тұтынушылар үшін сапалықты, сервисті, жылдамдылықты қамтамасыз ету ескі жүйеге негізделгендіктен шарасыз болып табылады. Осы кезеңде, бизнес-үдерісті түбегейлі өзгерте алатын және оны қайта жасақтайтын мүмкіндіктерді енгізетін – реинжинирингке жүгінуге тура келеді. Реинжиниринг арқылы компанияның ең негізгі көрсеткіштері болып саналатын рентабельділікті арттыру, табыстылықты жоғарлату сияқты міндеттерін орындауға болады [9].

Реинжиниринг қарапайым жаңарудан немесе оңтайландырудан келесілермен ерекшеленеді:

- Іргелілік – осы үрдісті жүргізер алдында бизнес үшін келесідей сұрақтарға жауаптарды қарастыру керек: «Компания неліктен бұл үрдісті қолға алды?», «Неліктен мұндай жолмен?» және «Ол қандай болуы керек?». Бұл сұрақтар кәсіпорынның стратегиялық тұтастылығын әзірлеудің бір бөлігі.
- Радикалдылық – реинжиниринг барысында компанияда бұрын-соңды қолданылмаған немесе олардан айрықшаланатын жұмыс тәсілдері ұсынылады. Сондықтан да ол реинжиниринг үрдісі компания қазіргі қызмет етіп жатқан бизнес-үдерістерді әрі қарай жүргізе алмайтын кезеңді танытып, оны жақсартып немесе оңтайландыру ешқандай нәтиже бермейтін сәттерде қолданылады.
- Шапшаңдылық – реинжиниринг компаниялардың сандық көрсеткіштерінің жылдам өзгерісіне ықпал ете алады.

Реинжинирингтің жоғарыдағы ерекшеліктерін нақты сауда бизнесінде қарастырып көруге болады. Мысал ретінде, еліміздің бір қаласындағы той индустриясына тиесілі болып табылатын үйлену тойында қалыңдықтың қиетін көйлектерін ұсынатын салон қызметін алайық. Салонның

осыған дейінгі қызметіндегі ұсынылып жатқан көйлектер ассортименті көп жағдайда сол салон иесі-әйел кәсіпкерлің талғамына байланысты қалыптасып келген, ал жарнама ретінде көрші ғимараттың сыртында ілініп тұратын баннер қолданылған. Сәйкесінше бұл жағдай, өткір бәсекелестікте әлсіздік танытып, салонның көйлектерді сату көлемінің қысқаруына әкелген. Мұндағы негізгі мәселе: ассаортимент айқын емес және клиенттердің сұранысына сай емес, екіншіден енжарлы жарнамалық құралдың қолданылуы. Реинжинирингтік үрдіспен байланысты шешімді ұсынайық: той индустриясындағы, оның ішінде, тұрмысқа шығушы нәзік жандардың киетін көйлектерімен байланысты қазіргі заманғы трендтерді қадағалап отыратын кәсіби маманға көйлектерді сатып алуды тапсыру, кең ассаортименттерді құрғызу, екіншіден, салонның әлеуметтік желілері мен аккаунттарын қалыптастырып, белсенді жүргізіп – өнімдерді жылжыту бойынша таргетолог мамандарды тарту.

Жоғарыда аталған реинжинирингтің ерекшеліктері мен тетіктерінің отандық өнеркәсіптік саладағы компаниялардағы қолданысына қатысты зерттеулер де жасауға болады. Осы бағытта АҚ «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясының өз қызметтеріндегі портфельдік кәсіпорындардың құнын арттырудағы трансформациялау үрдісін қарастырайық [7]. Осы трансформация негізінде бизнес-үдерістің реинжинирингісін құрай отырып, ол портфельдік компаниялардың құндарының өсуі портфельдік компаниялардың бизнес-үдерісін қолдаушы басқарушылық және оперциондық тиімділікті арттырумен тікелей байланысты екендігін айқындалады. Портфельдік компаниялар қызметтерінің шешуші көрсеткіштері мен үдерістерін салыстырмалы талдаулардан негізгі бизнес-үдерістің тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктерді анықтауға болады.

Бизнес-үдерістердің тиімділігін жоғарлатуды қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылдың басында «Қазақстан инжиниринг» ҰК-ның тікелей қатысуымен «Самұрық Қазына» Ұлттық әлауқат қорына қарасты үш пилоттық портфельдік компаниялардың бизнес-үдерісіне реинжиниринг жүргізілген. 2014 жылдың басынан бастап жүргізілген реинжиниринг үрдісі бірнеше қағидалық негіздерде өздерінің көрінісін тапқан:

Бұл үрдісте құнды құру басымдығы – бизнес-үдеріс реинжинирингісінің негізгі мақсаты компаниялар қызметінің жекелеген бөлшектеріндегі жетістіктер ғана емес, тұтастай компания көлемінде құнның өсімі мен қызметтер тиімділігінің жүйелік өсімін қамтамасыз ету. Аталған өсімділік келесілермен шартталаынады:

– алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені қолдану – бизнес-үдерістің мақсаттық сипаттамасы әлемнің озық тәжірибелеріне негізделіп, айқындалуы керек;

– қызметкерлерді дамыту – бизнес-үдерістің тұрақтылықпен қызмет етуі компанияда қызмет етуші кадрлардың сәйкесінше біліктілігімен қамтамасыз ету арқылы іске асады. Бизнес-үдеріс реинжинирингісін жүргізудің негізгі қағидаларының бірі қажетті білікті мамандарды жалдап, жетілдірумен байланысты;

– технологияларды жетілдіру – технологиялық қамсыздандыру, нақтыласақ, бизнес-үдерісті автоматтандыру көп жағдайда олардың тиімділігін айқындайды. Бизнес-үдерістің реинжинирингісі оның тиімділігін арттыру үшін сенімді IT-технологияларды қолдануды қарастыруы тиіс.

Портфельдік компаниялардың бизнес-үдерістерінің реинжинирингісі нәтижесінде жалпы бизнесті жүргізуді сипаттау мен құруға тәсілдемелер стандартталынып, оңтайлы әрі жеңілдетіледі, сонымен қатар, бизнес-үдерістер жалпы компанияның негізгі көрсеткіштеріне тиесілі болады. Бизнес-үдерістердің алгоритмдері бойынша өзекті ақпараттар олардың тиімділігіне талдау жүргізуге және де оларды жетілдіруге мүмкіндік беретін білімнің бірлік базасында орын алады.

Бірқатар қамсыздандыру және басқарушылық үрдістер барлық портфельдік компанияларда стандартты алгоритмге сәйкес орындалып, кезігетін мәселелерге жылдам жауапты әсер етуге және де өзгерістердің бір уақыттылықпен енгізілуіне де мүмкіндіктер қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл жағдай қажетті уақытта есеп беруді қалыптастыру мен орындауын автоматты түрде қадағалауына мүмкіндік береді және де ұсынылған ақпараттардың нақтылығы мен егжей-тегжейлігі деңгейін қамтиды.

Реинжиниринг үрдісі ұйымдастырушылық құрылыммен нақты байланыста бола отырып, өкілеттіліктерді үлестіруде толығымен тәсілдемелерді айқындайды және де бақылау құралдары мен бақылаушылық процедуралардың сипаттамасын қалыптастыра алады. Ашықтылықтың мұндай деңгейі кадрларға деген қажеттілікті бағалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар, әр лауазымға қажетті қызметкерлердің ілімдері мен дағдыларын көрсетеді. Осы бағыттағы сәйкессіздіктер адам ресурстарын қайта оқыту мен қайта үлестіру арқылы жойылып отырумен шартталынған. Реинжинирингтік бизнес-үдерісті пилоттық жоба ретінде жүргізу келесідей 3 компанияның қызметі

көлемінде қарастырылған: АҚ «Қазақстан Темір Жолы» ҰК», АҚ «Қазмұнайгаз» ҰК», АҚ «Қазпочта» ҰК». Осы пилоттық жоба ретінде аталған компаниялардың қызметтеріне реинжиниринг бизнес-үдерісі 2014 -2017 жылдар аралығында пайдаланылған және де оның сәтті аяқталынуы жағдайында басқа да портфельдік компанияларға да қолдану қарастырылған. «Самұрық-Қазына» АҚ қызметтерінің трансформациясы аясында жүргізілген осы реинжиниринг үдерісінің нәтижесінде келесідей (кесте 2) жағымды көрсеткіштерге қол жеткізілген [10].

2-кесте

Қазақстандық портфельдік компаниялардың бизнес-үдерісіндегі реинжиниринг нәтижелері*

№	Күтілген нәтижелер	2014	2015	2016	2017
1	Реинжиниринг жүргізілген компаниялар саны	3	12	12	12
2	Реинжиниринг бизнес-үдерісінен кейінгі операциялық шығындардың қысқаруы – 3 пилоттық компаниялар: АҚ «Қазақстан Темір Жолы» ҰК», АҚ «Қазмұнайгаз» ҰК», АҚ «Қазпочта» ҰК».	0	5%	15%	20%
3	Алдыңғы қатарлы 12 компанияның қалған тоғызсындағы операциялық шығындардың көлемі: "Қазатомөнеркәсіп" АҚ, "Қазақ-телеком" АҚ, "Әір Астана" АҚ, "Қазақстан инжиниринг" ҰК, "Біріккен химиялық компания" ЖШС, "Самұрық-Энерго" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ, АҚ "Тау-Кен Самұрық" ұлттық тау-кен компаниясы".	0	0	5%	15%

* [10] дерекөзі бойынша автормен құрастырылған

Соңғы жылдары «Самұрық-Қазына» ӘАҚ-на қарасты «Қазмұнайгаз» ҰК, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК, «Қазпочта» ҰК, «Қазатомпром» ҰАК, «СамұрқЭнерго» АҚ, «KEGOC» АҚ сияқты 6 ірі портфельдік компанияларда реинжинирингпен байланысты трансформациялық бағдарламалар іске асырылған [11].

Трансформация бағдарламасы осы алты компания жұмыстарын реинжинирингтік үдеріс арқылы жаңа бағытқа – цифрлық трансформацияға өзгертуді қарастырады. Осы цифрлық трансформацияға ауысудың түпкі негізі бизнес үшін табыстылықпен байланыстырылатын бизнестік міндеттерді цифрлық технологияларды қолдану арқылы шешімін табу. Бұл шешім міндетті түрде бизнес үдерісінің тоқтап қалуын азайту, коммерциялық ысыраптылықты төмендету, операциялық тиімділікті ұлғайту сияқты маңызды көрсеткіштерге қол жеткізуді көздейді. Жалпы еліміздің ірі бизнесіндегі күрделі «ойыншылары» болып саналатын портфельдік компанияларда реинжинирингтік үдерісті жүргізу арқылы келесідей бизнес басымдылықтарына қол жеткізуге мүмкіндік аламыз: 1) өндірістік қауіпсіздік, 2) бизнес мәдениетінің тарнсформациясы, 3) клиенттерді ұлғайту, 4) сенімді жабдықтаушылармен жұмыс істеу, 5) реинжиниринг үдерісі арқылы шығындарды оңтайландыру, 6) киберқауіпсіздік.

Осы басымдықтарға қол жеткізу нәтижесінде 2020 жылдың қорытындысы бойынша реинжиниринг жүргізілген 6 портфельдік компаниялар бойынша жылдық – 29,5 млрд. теңге жоспарына қарағанда таза табыс – 44,8 млрд. теңгені құрап, жоспардан 35%-ға артық орындалған.

Қорытынды. Зерттеу жұмысымыздың соңында қандай да болмасын кәсіпорындардың қызметінде инжинирингтік және реинжинирингтік бизнес-үдерісті қолдануды қарастыра келе келесідей түйіндемелер жасауға болады:

- кез келген кәсіпкерлік субъектілерінің бизнес-үдерістерін үнемі бір қалыптылықпен және де дәстүрлі амалдармен жүргізу қазіргі қоғамдық өзгерістерде мүмкін еместігі айқындалды;
- қоршаған ортаның жағымсыз өзгерістеріне төтеп бере отырып, өз қызметтерін жандандырудың салмақты тәсілі ретінде компаниялар бизнес үдерістер реинжинирингісін қолдану маңыздылығы артуда;
- бизнес-инжиниринг арқылы компаниялар кәсіпкерлік қызметтерінде ІТ-технологиялар мен цифрландыру жүйесін енгізуге мүмкіндік алып, бәсекеге қабілетті болу басымдылықтарына ие бола алады;
- Қазақстанның ірі портфельдік компанияларының өздерінде тікелей табыстылықты арттыру үшін және де ғаламдық экономикалық өзгерістерден «тоқырап қалмай», тұрақтылықпен жұмыс істеудің көзі ретінде бизнес-реинжиниринг құралдарын трансформациялық бағдарлама негізі ретінде пайдаланылуы көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хаммер М., Чампи Дж. Реинжиниринг корпорации: Манифест революции в бизнесе. Пер. с англ. Ю.А. Корнилович. – М.: Манн, Иванов и Фебер, 2011. – 288 с.
2. Борис Карабанов. Бизнес-инжиниринг. Не роскошь, а средство управления // https://www.cfin.ru/itm/business_engen.shtml.
3. Железко Б.А. Инжиниринг бизнес-процессов: пособие для обучающихся по специальности 1-27 80 01 «Инженерный бизнес (по направлениям)» / Б.А. Железко, О.А. Лавренова. – Минск: БНТУ, 2021. – 102 с. – ISBN 978-985-583-570-8.
4. Блинов А.О. Реинжиниринг бизнес-процесов: Учебное пособие / А.О. Блинов, О.С. Рудакова, В.Я. Захаров. – М.: Юнити, 2016. – 335 с.
5. Тельнов Ю.Ф. Инжиниринг предприятия и управление бизнес-процессами. Методология и технология: Учебное пособие / Ю.Ф. Тельнов, И.Г. Федоров. – М.: Юнити, 2017. – 304 с.
6. Michael Hammer, James Champy. Reengineering the Corporation: A Manifesto for Business Revolution (Collins Business Essentials) Paperback – Illustrated, October 10, 2006. – 257 p.
7. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ // <https://www.ke.kz/>.
8. Бизнес-инжиниринг: как выстроить четкую структуру компании и эффективно управлять изменениями // <https://www.gd.ru/articles/12140-biznes-injining>.
9. Реинжиниринг. Как выстроить бизнес-процессы заново // http://www.sberbank.ru/ru/s_m_business/pro_business/reinzhiniring-vystraivaem-biznes-processy-zanovo/.
10. Направления трансформации // <http://niike.ke.kz/institut/napravleniya-transformatsii.php>
11. Годовой отчет АО «Самрук-Қазына» за 2020 год // https://kase.kz/files/emitters/SKKZ/skkzp_2020_rus.pdf.

REFERENCES

1. Hammer M., Champy Dzh. Reengineering korporacii: Manifest revoljucii v biznese. Per. s angl. YU.A. Kornilovich. – M.: Mann, Ivanov i Feber, 2011. – 288 s. [in Russian].
2. Boris Karabanov. Biznes-inzhiniring. Ne roskosh', a sredstvo upravleniya // https://www.cfin.ru/itm/business_engen.shtml [in Russian].
3. ZHelezko B.A. Inzhiniring biznes-processov: posobie dlya obuchayushchihsya po special'nosti 1-27 80 01 «Inzhenernyj biznes (po napravleniyam)» / B.A. ZHelezko, O.A. Lavrenova. – Minsk: BNTU, 2021. – 102 s. – ISBN 978-985-583-570-8. [in Russian].
4. Blinov A.O. Reinzhiniring biznes-procesov: Uchebnoe posobie / A.O. Blinov, O.S. Rudakova, V.YA. Zaharov. – M.: YUniti, 2016. – 335 s. [in Russian].
5. Tel'nov YU.F. Inzhiniring predpriyatiya i upravlenie biznes-processami. Metodologiya i tekhnologiya: Uchebnoe posobie / YU.F. Tel'nov, I.G. Fedorov. – M.: YUniti, 2017. – 304 s. [in Russian]
6. Michael Hammer, James Champy. Reengineering the Corporation: A Manifesto for Business Revolution (Collins Business Essentials) Paperback – Illustrated, October 10, 2006. – 257 p.
7. «Қазақстан inzhiniring» ҰК» АҚ // <https://www.ke.kz/> [in Kazakh].
8. Biznes-inzhiniring: kak vystroit' chetkuyu strukturu kompanii i effektivno upravlyat' izmeneniyami // <https://www.gd.ru/articles/12140-biznes-injining> [in Russian].
9. Reinzhiniring. Kak vystroit' biznes-processy zanovo // http://www.sberbank.ru/ru/s_m_business/pro_business/reinzhiniring-vystraivaem-biznes-processy-zanovo/ [in Russian].
10. Napravleniya transformacii // <http://niike.ke.kz/institut/napravleniya-transformatsii.php> [in Russian].
11. Godovoj otchet AO «Samruk-Kazyna» za 2020 god // https://kase.kz/files/emitters/SKKZ/skkzp_2020_rus.pdf [in Russian].

Дуйсембаев А.А., Шаметова А.А.

**БИЗНЕС-ИНЖИНИРИНГ- КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Аннотация

Цель исследования: в современной экономике возрастает значение обеспечения трендовых направлений ведения предпринимательской деятельности в соответствии с текущими глобальными и региональными изменениями. Нестабильность внешней геополитики Казахстана и внутренние экономические сложности требуют дальнейшей работы, определяя механизмы и особенности применения бизнес-инжиниринговых процессов, которые, без потери конкурентоспособности, приведут предпринимательские структуры к дальнейшему возрождению, гибко функционируя в соответствии с новыми требованиями. Используемые методы исследования: в данной исследовательской работе использованы методы синтез-анализа, методы преобразования абстрактного в реальный и общесистемный анализ, применение статистического и сравнительно-прогностического методов исследования. Результаты исследования: показать концепции, связанные с умением использовать благоприятные подходы инжинирингового процесса для плавного ведения бизнеса и его активизации в условиях современных колебаний экономико-социальных изменений. Вместе с тем, обобщить принципиальные основы проведения инжиниринга бизнес-процессов и проанализировать конкретные задачи и этапы, примерные модели бизнес-инжиниринга в организации предпринимательской деятельности. выводы исследования: определение направлений, позволяющих обеспечить легкое преодоление и дальнейшее оживление современных кризисных ситуаций отечественного предпринимательства с использованием технологий и организационно-структурных моделей и других рациональных механизмов бизнес-инжиниринга.

Duissembayev A., Shametova A.

**BUSINESS ENGINEERING AS A TOOL
FOR THE DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURSHIP**

Annotation

The purpose of the study: in the modern economy, the importance of ensuring the trend directions of doing business in accordance with the current global and regional changes is increasing. The instability of Kazakhstan's external geopolitics and internal economic difficulties require further work, determining the mechanisms and features of the application of business engineering processes, which, without loss of competitiveness, will lead business structures to further revival, flexibly functioning in accordance with new requirements. Research methods used: in this research work, methods of synthesis analysis, methods of converting abstract into real and system-wide analysis, the use of statistical and comparative-prognostic research methods are used. Research results: to show concepts related to the ability to use favorable approaches of the engineering process for smooth business and its activation in the conditions of modern fluctuations of economic and social changes. At the same time, to summarize the fundamental principles of business process engineering and analyze specific tasks and stages, approximate models of business engineering in the organization of entrepreneurial activity. conclusions of the study: identification of directions that allow for easy overcoming and further revival of modern crisis situations of domestic entrepreneurship using technologies and organizational and structural models and other rational mechanisms of business engineering.

